Әділет

# Аягөз ауданының Мамырсу ауылдық округіндегі «МАКС-А» шаруа қожалығына ветеринарлық шектеу қою туралы

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 2 желтоқсандағы N 130 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Аягөз аудандық Әділет басқармасында 2008 жылғы 4 желтоқсанда N 5-6-85 тіркелді. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 29 мамырдағы N 612 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 2009.05.29 N 612 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 18-тармақшасын және Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағының 9) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аягөз ауданының Мамырсу ауылдық округіне қарасты «МАКС-А» шаруа қожалығының иелігіндегі жер учаскесі құтыру ауруынан қолайсыз мекен деп жариялансын.

2. Аягөз ауданының Мамырсу ауылдық округіне қарасты «МАКС-А» шаруа қожалығының иелігіндегі жер учаскесі карантинді аймақ деп танылып, ветеринариялық шектеу қойылсын.

3. Аягөз ауданының Мамырсу ауылдық округінің әкіміне (А. Арғынгелдин) жеке және заңды тұлғалармен орындауға міндетті ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

4. Аудандық аумақтық ауылшаруашылық инспекциясының мемлекеттік ветеринарлық бас инспекторына (С. Докуртов) (келісімі бойынша), аудандық санитарлық эпидемиологиялық қадағалау басқармасына (Б. Тлебалдин) (келісімі бойынша), аудандық ішкі істер бөліміне (С. Кайпеков) (келісімі бойынша) жеке және заңды тұлғалармен орындауға міндетті ветеринарлық іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылсын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С.

Байжановқа жүктелсін.

6. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі Н. Әзімбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК